

## **Қызылқоға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 наурыздағы № XXII-10 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 сәуірде № 4100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 2-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылқоға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Қызылқоға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (К. Кумаров).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Г. Каримова*

*Т. Бейскали*

Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 20  
наурыздағы № XXII-10 шешіміне қосымша

## **Қызылқоға аудандық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі:**

1) Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-3 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3745 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

2) Қызылқоға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 наурыздағы № X-1 "Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-3 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3820 санымен тіркелген, 2017 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

3) Қызылқоға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 маусымдағы № XIII-1 "Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-3 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3930 санымен тіркелген, 2017 жылғы 31 шілдеде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

4) Қызылқоға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № XV-3 " Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-3 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3971 санымен тіркелген, 2017 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

5) Қызылқоға аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № XIX-1 " Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-3 "2017-2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4017 санымен тіркелген, 2018 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.